**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**Ересек топ 2020 жыл Қыркүйек айы**
**Өтпелі тақырып: «Балабақша»**

| | | Денсаулық<br>Дене шынықтыру<br>(3сағат) | Коммуникация<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Көркем әдебиет (1)<br>Орыс тілі (0,5) | Таным<br>ҚМҰҚ (1 с)<br>Жаратылыстану (1с)<br>Құрастыру (0,5) | Шығармашылық<br>Сурет салу (1с)<br>Музыка (1,5с)<br>Мүсіндеу (0,5)<br>Аппликация (0,5) | Әлеумет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>(0,5) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып: Балабақша (Қыркүйек)** | **1. апта Менің балабақшам** | **Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т**. «Бау-бақшада,бақтарда»<br>**М:**а) Балалардың сөздік қорын заттың сапасы мен құрамын білдіретін (көлемін, түсін, пішінін) сөздермен байыту, балалардың сөздігіне көкөніс пен жеміс туралы жалпы түсінікті білдіретін сөздерді енгізу.<br>ә) Сөздік қорын дамыту және дыбыстарды анық айтуға баулу.<br>б) Еңбексүйгіштікке, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру<br>**Орыс тілі**<br>«Мой детский сад»<br>**Көркем әдебиет**<br>«Кел балалар оқылық!»(өлең)<br>Ыбырай Алтынсарин.<br>**М:** Өлеңді жатқа айтуға үйрету; Қазақтан шыққан тұңғыш педагог Ы.Алтынсарин өмірі және оның шығармашылығы жайлы білімдерін қалыптастыру; сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | **ҚМҰҚ**<br>**Т:**Бір және көп, көп сандарды салыстыру және олардың арасындағы сәйкестікті табу. Үлкен және кіші. Шеңбер (әртүрлі фигуралардың арасынан табу).<br>**М:** Бір және көп, көп сандарды салыстыру және олардың арасындағы сәйкестікті табу. Үлкен және кіші. Шеңбер (әртүрлі фигуралардың арасынан табу).<br>**Жаратылыстану**<br>**Т:**Балабақша бөлмесі<br>**М:** балабақша ішінде орналасқан бөлмелер мен кабинеттерді салыстыруға үйрету. Балабақша бөлмесінде, аулада еркін бағыт-бағдар жасау, топ бөлмесінде және тұрмыста заттарды дұрыс қолдану іскерліктерін жетілдіру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Т:** Дәмді алмалар (қарындаштар мен қылқаламды еске түсіру). (Заттық сурет салу).<br>**М:**Алманың суретін сала білуді үйрету. Алма жемісін салуда өз еркімен бояу түстерін таңдай білу. Жоғарыдан төмен қарай қылқаламмен сызықтар жүргізе отырып толық, тегіс бояуға үйрету. Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Жеміс-жидектерге деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Мүсіндеу**<br>**Т:** «Біздің ойыншықтар»<br>**М:** Балаларға ойыншықтар туралы мағлұмат беру. Сөздік қорларын дамыту. ұқыптылыққа баулу. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Т**. Бала бақша бөлмесі<br><br>М: Балаларды көпшілік ортаға бейімдеу.<br>Балабақша алғашқы күнімен танысу, бейімделу күні болып есептеледі. Балалардың жаңа ортаға тез бейімделіп кетуі үшін тобындағы өздері секілді бүлдіршіндермен таныстырады, балабақшаның әр бөлмесіне, демалыс бөлмесі, сахна, ойын бөлмесі |

| | | Денсаулық<br>Дене шынықтыру<br>(3сағат) | Коммуникация<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Көркем әдебиет (1)<br>Орыс тілі (0,5) | Таным<br>ҚМҰҚ (1 с)<br>Жаратылыстану (1с)<br>Құрастыру (0,5) | Шығармашылық<br>Сурет салу (1с)<br>Музыка (1,5с)<br>Мүсіндеу (0,5)<br>Аппликация (0,5) | Әлеумет<br>Қоршаған ортамен<br>танысу (0,5) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып: Балабақша (Қыркүйек)** | **2. апта _Өзім туралы** | **Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т:**«Көжекпен ойнайық».<br>(Дидактикалық ойын).<br>**М:** а)Сөйлемді толық құрауға, етістік сөздерді қолдана білуге үйрету, дыбысты анық айтуға дағдыландыру.<br>ә) Ойлау қабілеттерін дамыту.<br>б) Жануарларға деген сүйіспеншілігін оятуға тәрбиелеу<br>**Көркем әдебиет**<br>**Т: Біздің балабақша**<br>**М:** Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту.<br>Ұжымдық қарым-қатынас дағдылыларын дамыту. Құрмет пен сүйіспеншілік сезімдеріне, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. | **ҚМҰҚ**<br>**Т:** 3 және 4 сандарын салыстыру, үлгі бойынша санау, жұмбақтар. Жыл мезгілдері (күз). Оң жақта, сол жақта<br>**М**: отырып, заттарды санауды үйрету (4 көлеміндегі сандар);<br>• үлгі бойынша санау, екі топтағы заттар арасындағы теңдікті анықтау;<br>• жыл мезгілі туралы білімін күшейту (күз);<br>• заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда сөзбен жеткізе білуге үйретуді жалғастыру;<br>• қағаз бетінде бағдарлай алуға дағдыландыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Т:** «Өзім туралы білгім келеді»<br>**М:**Өзі және өзінің жағдайы, көңіл күйі туралы түсініктерін кеңейту. Өзінің дене мүшелерінің кейбір қызметтерін (бас, құлақ, ауыз, тіл, тіс, қол,аяқ) түсінуге үйрету. Өзіне деген сенімділігін нығайтып, құрметі мен дербестігін дамытуға мүмкіндік туғызу.<br>**Құрастыру**<br>**Т:**Біздің балабақшаның ауласы<br>**М:**Балабақша ауласымен таныстыру,балабақша ауласындағы заттарға көңіл аудару,балабақша ауласын таза ұстауға тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Т:** Алма бағы (ағаштар мен бұталар).<br>(Мазмұнды сурет).<br>**М:**Алма ағашының суретін сала білуге үйрету. Алма ағашының құрылысына, ерекшелігіне сәйкес оның бөліктерін, бір-біріне қатынасын дұрыс бере білуді үйрету. Ағаш діңін қылқаламмен бастыра сызу және жапырақтары мен алмаларын әдемі бояуға жаттықтыру. Көріністі қабылдауын дамыту, түстер мен ырғақты сезіне білуге тәрбиелеу.<br>**Аппликация**<br>**Т:** «Достарыма арналған үй»<br>**М:**Қоршаған орта және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, балаларды қайшымен жұмыс істеуге үйрету, төртбұрыш, шаршылармен үйдің қабырғасын, үшбұрышпен үйдің шатырын жасауға болатындығын түсіндіру.<br>Тілдерін дамыту, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Қайырымдылыққа тәрбиелеу<br>**Музыка** | |

| | | Денсаулық<br>Дене шынықтыру<br>(3сағат) | Коммуникация<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Көркем әдебиет (1)<br>Орыс тілі (0,5) | Таным<br>ҚМҰҚ (1 с)<br>Жаратылыстану (1с)<br>Құрастыру (0,5) | Шығармашылық<br>Сурет салу (1с)<br>Музыка (1,5с)<br>Мүсіндеу (0,5)<br>Аппликация (0,5) | Әлеумет<br>Қоршаған ортамен танысу (0,5) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Тақырып: Балабақша (Қыркүйек)** | **3. аптаМенің сүйікті оыншықтарым** | **Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т:** Ойыншықтар дүкені<br>**М**:а) Сызба нұсқасы бойынша бейнелі әңгіме құрастыра білуге, жасалуы бірдей заттарды топтастыруға, сөйлеу барысында *ағаштан, шыныдан, пластмассадан* деген сөздерді қолдана алуға үйретуді жалғастыру. Зат есімнің көпше түріне ілік септігінің жалғауларын жалғай (ойыншықтардың, шұлықтардың, қолғаптардың, боталардың, қонжықтардың) білуге үйрету.<br>ә) Балалардың сөздік қорларын байыту.<br>б) Балаларды бірлікке тарту және ойыншықты ұқыпты қолдануға тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>*«Мои игрушки»*<br>**Көркем әдебиет**<br>**Т**: «Ойыншықтар» (өлең)<br>Нұрсұлтан Әлімқұлов<br>**М**:Өлең мәтінің түсініп, жатқа айта білуге үйрету; ойыншықтардың түрлерін ажырата білуге баулу; ой-өрісін дамытып, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. | **ҚМҰҚ**<br>**Т:** Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу. Үлкен, кіші, кішкентай. Шаршы (көптеген фигуралардың арасынан табу). Баланың зейінін дамыту<br>**М:** • сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу;<br>• заттарды санау қабілетін күшейту (5саны көлемінде);<br>• заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай) салыстыруды жалғастырамыз, осы сөздерді сөйлеу барысында қолданамыз;<br>• заттардың ұқсас белгілерін (көлемі) тауып, оларды сол белгілеріне қарай топтастыруды үйретеміз;<br>• геометриялық фигура - шаршы туралы түсінікті нығайту.<br>**Жаратылыстану**<br>**Т:**Ойыншықтар.<br>**М:** өздеріне ұнаған ойыншыққа зерттеу жүргізіп (түсі, көлемі, материалы, жасалуына қарай<br>алуан түрлі болатыны), әңгімелеп айтып беруге үйрету. Балалардың мінез-құлқында<br>қарапайым әдеп ережелерін (ойыншықтармен бөлісу) бекіту. Ойын барысында ойыншықтарға | **Сурет салу**<br>Т: Жолақтағы ою элементтері. (Сәндік сурет).<br>М:қазақ оюларының суретін салу тәсілдерімен таныстыру; қолданатын бұйымдарды ою-өрнектермен безендіру жолдарын геометриялық фигуралар салу арқылы көрсету; үзік сызықтарды қосу арқылы қандай бейне шығатынын білдіру, балалардың көркемдік талғамын дамыту. Әдемілікті сезіне білуге, әдептілікке тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Мүсіндеу**<br>**Т:**«Пирамида»<br>**М:**Ермексаз және сазбалшықтың қасиетерімен танысу дағдыларын жетілдіру, олардың кесектерін домалату, ширату, созу тәсілдерін үйрету | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Т:**«Ойыншықтар»<br>**М:**Өздеріне ұнаған ойыншыққа зерттеу жүргізіп (түсі, көлемі, материалы, жасалуына қарай алуан түрлі болатыны), әңгімелеп айтып беруге үйрету. |

| | | **Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру (3сағат)** | **Коммуникация**<br>**Сөйлеуді дамыту (1)**<br>**Көркем әдебиет (1)**<br>**Орыс тілі (0,5)** | **Таным**<br>**ҚМҰҚ (1 с)**<br>**Жаратылыстану (1с)**<br>**Құрастыру (0,5)** | **Шығармашылық**<br>**Сурет салу (1с)**<br>**Музыка (1,5с)**<br>**Мүсіндеу (0,5)**<br>**Аппликация (0,5)** | **Әлеумет**<br>**Қоршаған ортамен танысу (0,5)** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып: Балабақша (Қыркүйек)** | **4. апта Жиһаздар** | **Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т: Қуыршақ бөлмесі**<br>**М:**а) Балаларды жиһаздардың атауын дұрыс атай білуге жаттықтыру, сөйлеу барысында зат есімдер мен сын есімдердің сандық және септеулік түрленуін қолдана білуге баулу.<br>ә) Баланын ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту.<br>б) Ұқыптылыққа, жинақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Т:**Қуыршаққа бөлмесі<br>**М:** Балаларды жиһаздардың атауын дұрыс атай білуге жаттықтыру, сөйлеу барасында зат есімдер мен сын есімдердің сандық және септеулік түрленуін қолдана білуге баулу.<br>ә) Баланың ой –өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту.<br>б) Ұқыптылыққа, жинақтылыққа тәрбиелеу | **ҚМҰҚ**<br>**Т:** Үлгі бойынша санау, сандарды салыстыру (4-5). Тәулік бөлігі. Сол жағында, ортасында, он жағында.<br>**М:** жалғастырамыз (5 саны көлемінде);<br>• екі топтағы заттарды санау;<br>• саны жағынан аз топқа жетпей тұрған затты қосу;<br>• әр түрлі, бірақ саны жағынан бірдей заттардан құралған топтарды теңестіруді үйрету;<br>• балалардың тәулік бөліктері туралы түсінігін нығайту;<br>• заттардың орналасу ретін сөзбен баяндауды<br>**Құрастыру**<br>**Т:**«Жиһаздар»<br>**М:** жиһаз жайлы білімдерін бекіту,жиһаздың түрлерімен,оның пайдасы туралы мағлұмат беру. Жиһаз құрастыруда құрылыс материалдарын пішіндері мен түстеріне сәйкес дұрыс таңдап, пайдалана білуге үйрету.Үй жиһаздарын ұқыпты ұстай<br>білуге тәрбиелеу.<br>**Жаратылыстану**<br>**Т:**Жиһаздары.<br>**М:** Жиһаздарды жасаған адам еңбектері түсінік бере отырып, олардың еңбектеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.Қойылған сұрақтарға жауап беру дағдыларын дамыту.Үй жиһаздарының ерекшеліктері, қандай материалдан жасалғандығы, күнделікті тұрмыста пайдаланылуы, қажеттілігі туралы айтып беруге үйрету. | **Сурет салу**<br>**Т:**Не салғым келсе, соны саламын. (Өз бетінше сурет).<br>**М:**Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек және сопақша бейнелер жасай білуге баулу, сурет салуда өзінің көңіл күйін бейнелей білуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Аппликация**<br>**Т:**«Жапырақтар түсіп жатыр»<br>**М:** күз туралы түсініктерін нақтылау; күз құбылыстарын атай білуді үйрету; қағаз бетіне заттарды жапсыра білуді үйрету; кеңістікте бағдарлай білу дағдыларына тәрбиелеу.<br>**Музыка** | |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**ортанғы топ 2020 жыл қазан айы**
**Өтпелі тақырып «Менің   отбасым»**

| | | **Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру**<br>**(3сағат)** | **Коммуникация**<br>**Сөйлеуді дамыту (1)**<br>**Көркем әдебиет (1)**<br>**Орыс тілі (0,5)** | **Таным**<br>**ҚМҰҚ (1 с)**<br>**Жаратылыстану (1с)**<br>**Құрастыру (0,5)** | **Шығармашылық**<br>**Сурет салу (1с)**<br>**Музыка (1,5с)**<br>**Мүсіндеу (0,5)**<br>**Аппликация (0,5)** | **Әлеумет**<br>**Қоршаған ортамен танысу (0,5)** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып: Менің отбасым (Қазан)** | **1. апта  Менің отбасым** | **Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т:** «Қуыршақ бізге қонаққа келді »<br>**М:**а) Педагогтің үлгісі бойынша балалардың ойыншықтарды сипаттай білу білігін жетілдіру, ә) Өз ойын еркін жеткізуге, жана сөздерді меңгертуге баулу.<br>б) Эстетикалық талғамын арттыру.<br>**Орыс тілі**<br>*«Моя любимая семья»*<br>**Көркем әдебиет**<br>**Т:** ««Отбасындағы сыйластық»<br>**М:** Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп, қоштасуға, үлкенді сыйлап, құрметтеуге үйрету; отбасында үлкенге-құрмет, кішіге-қамқорлық жасауға баулу; инабаттылыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу.<br>. | **ҚМҰҚ**<br>**Т:** «1 цифры және санымен таныстыру»<br>**М:** математикалық жұмбақтарды көрген мәліметтерге сүйене отырып шешуге үйрету;<br>• 1 цифрын 1 санының таңбасы ретінде таныстыру;<br>• үлгіні пайдалана отырып, 1 цифрын салуды үйрету;<br>• өзге сандардың арасынан 1 цифрын табу;<br>• заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда анықтай білу дағдыларын бекіту (оң жақта, сол жақта, ортасында);<br>• геометриялық фигуралардың орналасу ретін түсіндіру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Т:** «Менің отбасым»<br>**М:**Балаларды өзінің отбасы, жақсы көретін адамдары, олардың жақсылығы мен қайырымдылығы туралы әңгімелеуге ынталандыру. Өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндері жайлы сұрақтарға жауап беру. Басқа балалардың да отбасы туралы айтқандарын тыңдап, олардың да ата-аналарының қамқорлық жасайтыны туралы білу, түсіну. | **Сурет салу**<br>**Т**:Үлкен және кішкентай сібіз<br>**М:**Сәбіздің суретін сала білуге үйрету. Балалардың сопақша пішіннен бейне жасау, бейнені қабылдау қабілеттерін дамыту, түстер мен ырғақты сезіне білуге үйрету. Сурет салуда батыл қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Мүсіндеу**<br>**Т:** «Үлкен кіші сәбіз»<br>**М:** Балаларды көкөністің бір түрі сәбізбен таныстыру. Оның адамға деген пайдасын айтып өту. Шығармашылыққа баулу. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Т:** Менің отбасым<br>М:Балаларды өзінің отбасы, жақсы көретін адамдары, олардың жақсылығы мен қайырымдылығы туралы әңгімелеуге ынталандыру. Өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндері жайлы сұрақтарға жауап беру. Басқа балалардың да отбасы туралы айтқандарын тыңдап, олардың да ата-аналарының қамқорлық жасайтыны туралы білу, түсіну. |

| | | **Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру (3сағат)** | **Коммуникация**<br>**Сөйлеуді дамыту (1)**<br>**Көркем әдебиет (1)**<br>**Орыс тілі (0,5)** | **Таным**<br>**ҚМҰҚ (1 с)**<br>**Жаратылыстану (1с)**<br>**Құрастыру (0,5)** | **Шығармашылық**<br>**Сурет салу (1с)**<br>**Музыка (1,5с)**<br>**Мүсіндеу (0,5)**<br>**Аппликация (0,5)** | **Әлеумет**<br>**Қоршаған ортамен танысу (0,5)** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып: Менің отбасым**<br>**(Қазан)** | **2. апта Ата-аналар еңбегі** | **Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т:** «Қуыршақ Айгерімнің туған күні»<br>**М**: а) Балалар ойыншық туралы әңгіме құруға, өз ойларын толық сөйлемдер арқылы жеткізе білуге үйрету.<br>ә) Әңгіме құрастыруды үйрету арқылы шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу.<br>б) Ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Эстетикалық талғамын арттыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Т:** Адам еңбегі<br>**М:** Адамның өмір сүруі, еңбек етуі туралы түсіндіру адам еңбегін құрметтеуге баулу, барлық мамандық маңызды және құрметті екенін саналарына жеткізу | **ҚМҰҚ**<br>**Т:**«1 цифры мен саны туралы өткенді пысықтау»<br>**М:**балалардың 1 цифры туралы білімін нығайту;<br>• цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету;<br>• жұмбақты көрген мәліметтерге сүйене отырып шешуге үйрету;<br>• таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай) салыстыруға, заттарды сол белгілері бойынша біріктіруге үйрету;<br>• үшбұрыш туралы білімін нығайту, оны өзге фигуралардың арасынан табуды үйрету;<br>• үшбұрыштың көлемі жағынан әртүрлі болатынын түсіндіру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Т:**«Адам еңбегінің нәтижесі»<br>**М:**Еңбектің нәтижесінде пайдалы және қажетті өнім (киім, аяқкиім, жиһаз, ойыншықтар, т.б.) алынатынын түсіндіру<br>**Құрастыру**<br>**Т:** «Жапырақтан жасалған балықтар»<br>**М:**су асты патшалығы жайлы білімдерін кеңейту,су жәндіктерін жапырақтан жасалу жолдарын көрсете отырып,балықтын бөліктерімен таныстыру.Балаларды табиғи материалдарлы дұрыс пайдаланып,балықты құрастыра білуге үйрету,ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. | **Сурет салу**<br>**Т:** Орамалды әшекейлеу.<br>**М**:Ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрету, ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын дамыту. Балаларды шаршының ішіне өрнектерді дұрыс орналастыра білуге жаттықтыру. Қазақтың ұлттық ою-өрнегінің бірі «омыртқамен» таныстыру, оның суретін салу жолдарын меңгерту, эстетикалық сезімдерге тәрбиелеу.<br>**Аппликация**<br>**Т:** «Ұзын құлақ, сұр қоян»<br>**М:**Балаларды жануарлардың ішіндегі ең жуасы, ең қорқағы қоянмен таныстыру. Сөздік қорларын дамыту. Жануарларға деген сүйіспеншілігін оятуға тәрбиелеу.<br>**Музыка** | |

| | | **Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру (3сағат)** | **Коммуникация**<br>**Сөйлеуді дамыту (1)**<br>**Көркем әдебиет (1)**<br>**Орыс тілі (0,5)** | **Таным**<br>**ҚМҰҚ (1 с)**<br>**Жаратылыстану (1с)**<br>**Құрастыру (0,5)** | **Шығармашылық**<br>**Сурет салу (1с)**<br>**Музыка (1,5с)**<br>**Мүсіндеу (0,5)**<br>**Аппликация (0,5)** | **Әлеумет**<br>**Қоршаған ортамен танысу (0,5)** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Тақырып: Менің отбасым (Қазан)** | **3. апта Менің көш** | **Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т:** «Әйгерім дастарханды әзірлеп жатыр»<br>**М**:а) Жұрнақ жалғану арқылы жасалған жаңа сөздерді көрсету (қант сауыт, нан салғыш, тұз салғыш, май салғыш, шәйнек, су құйғыш), балаларды септіктелген сөздерді сан есімдердің түрлерін үйретуді жалғастыру, балалардың жай сөйлем құрылымын еркін ұғынуына, жай сөйлем мен күрделі сөйлемді қолдана алуына да ықпал ету.<br>ә) Шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>б) «Ас атасы - нан» ұғымын түсіндіре отырып, нанды қастерлеуге тәрбиелеу<br>**Көркем әдебиет**<br>**Т**: «Торғай мен түлкі»<br>М: Ертегімен таныстырып, мазмұныны меңгерту.Шығарманы жүйелі баяндап, өз көзқарасын мәнерлеп айта білуін қалыптастыру.<br>Адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу**.**<br>**Орыс тілі**<br>*«Моя безопасность дома и в детском саду* | **ҚМҰҚ**<br>**Т:** «2 цифры және санымен танысу. Қысқа, ұзын »<br>**М:**2 саны және цифрымен таныстыру;<br>• 2 цифрын жазып үйрену;<br>• «кеше», «бүгін», «ертең» түсініктерін айыра білуге үйрету;<br>• «алыс», «жақын» түсініктерін айыра білуге үйрету<br>**Жаратылыстану**<br>**Т**: «Мен тұратын қала»<br>**М:** Өз мекенжайы мен тұрғылықты қаласының атын, ондағы сәулетті, мәдени орындары туралы айта білуге үйрету. Өз мекеніне, қаласына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Т:**Қандай зат пішіні дөңгелекке ұқсайды?<br>**М:**дөңгелек пішінді заттардың суретін салуды үйрету; екі түрлі қылқаламмен жұмыс істеуді; шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын дамыту, байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Мүсіндеу**<br>**Т:**«Саңырауқұлақтар»<br>**М:**Саңырауқұлақтар жайлы түсініктерін кеңейту. Балаларға саңырауқұлақтарды жуып, пісіріп жеуге және олар улы болатынын түсіндіру, білімдерін бекіту, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Т:** Күздік киімдер<br>**М**:ұл бала мен қыз баланың киімдерін ажыратып, күздік киім түрлерін топтастыра білуге үйрету.Сөздік қорын молайту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу. |

| | | **Денсаулық** | **Коммуникация** | **Таным** | **Шығармашылық** | **Әлеумет** |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | Дене шынықтыру (3сағат) | Сөйлеуді дамыту (1)<br>Көркем әдебиет (1)<br>Орыс тілі (0,5) | ҚМҰҚ (1 с)<br>Жаратылыстану (1с)<br>Құрастыру (0,5) | Сурет салу (1с)<br>Музыка (1,5с)<br>Мүсіндеу (0,5)<br>Аппликация (0,5) | Қоршаған ортамен танысу (0,5) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ө пелі тақырып: Менің отбасым (Қазан)** | **4. апта Алтын күз** | **Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т:**«Жаз,күз»(Сурет бойынша әңгіме құрастыру)<br>**М**:Балаларды хабарлы сөйлемді қолдана отырып, сурет мазмұнына қарай әңгіме құрауға үйрету.<br>ә) Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беруге деген білігін дамыту, саусақмоторикасын дамыту.<br>б) Өз еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, елін, жерін сүюге тәрбиелеу<br>**Көркем әдебиет**<br>**Т:** «Күзде»<br>**М:**Күз мезгілі туралы түсінік беру,өлеңді тыңдап, өз түсінігін жүйелі айтып беруге баулу,табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру | **ҚМҰҚ**<br>**Т:** «2 цифры мен саны туралы өткенді пысықтау»<br>**М:**2 цифры мен саны туралы өткенді пысықтау;цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету;жұмбақты көрген мәліметтер негізінде шешу жолдарын үйрету; таныс заттарды көлеміне, ұзындығына қарай салыстыру (ұзын, қысқа) қабілетін қалыптастыру;сопақша туралы өткенді пысықтау, оны өзге геометриялық фигуралар арасынан табу.<br>**Құрастыру**<br>**Т:** Саңырауқұлақтар.<br>**М:** саңырауқұлақ жайлы білімін бектіу, саңырауқұлақты табиғи материалдардан жасай білуге және оны жасауда пішіндерді дұрыс қолдана білуге үйрету; табиғи материалдармен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу<br>**Жаратылыстану**<br>**Т:**Күз сый<br>**М:** Көкөністер мен жемістерді ажыратып, топтастыруға үйрету. Қарапайым зерттеу жүргізу мен іздестіру әрекеттерін орындауға қызығушылығын тудыру<br>. | **Сурет салу**<br>**Т:** Алтын күз<br>(Мазмұнды сурет)<br>**М**:Күзгі табиғаттан алған әсерлерін қағаз бетінде бейнелеу. Күзгі ағашты, оның бөліктерін анық етіп салуды үйрету. Ағаштың діңін төменнен жоғары қарай жіңішкеретінін, яғни жоғары жағы жіңішке, төмен жағы жуан болатынын айту, бұталарын, жапырақтарын көлденеңнен салып үйрету, саусақ қимыл қозғалыстарын еркін пайдалану, сызықтарды батыл жүргізу, түстердің үйлесімдігін сезінуге, заттың пішінін ұқсата салуға үйрету. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>**Аппликация**<br>**Т:**«Кірпілер отбасы»<br>**М:** Балаларға кірпілер туралы түсінік беру, олардың отбасы жайында әңгімелеу. Саусақ моторикаларын дамыту, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка** | |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**ортаңғы топ 2020 жыл қараша айы**
**Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»**

| | | **Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру (3сағат)** | **Коммуникация**<br>**Сөйлеуді дамыту (1)**<br>**Көркем әдебиет (1)**<br>**Орыс тілі (0,5)** | **Таным**<br>**ҚМҰҚ (1 с)**<br>**Жаратылыстану (1с)**<br>**Құрастыру (0,5)** | **Шығармашылық**<br>**Сурет салу (1с)**<br>**Музыка (1,5с)**<br>**Мүсіндеу (0,5)**<br>**Аппликация (0,5)** | **Әлеумет**<br>**Қоршаған ортамен танысу (0,5)** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»** | **1. аптаМен және қоршаған орта** | **Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т:**Әңгімеле... (Балалардың екі түрлі ойыншықты бейнелеп, сипаттау әңгімесін құру)<br>**М**: а) Балаларды педагогтің үлгісі бойынша ойыншықтар жайлы шағын әңгімелерді бейнелеп айта білуге үйрету.<br>ә) Хабарлы сөйлемді қолдану арқылы өз ойларын дұрыс жинақтап, қысқаша әңгіме құрай білуге үйретуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту.<br>б) Ойыншықтармен дұрыс ойнай<br>**Көркем әдебиет**<br>**Т:** «Әке мен бала»<br>**М:** Ересектермен қарым-қатынас ережелерін сақтауға үйрету.<br>**Орыс тілі (0,5)**<br>*«Я расту»* | **ҚМҰҚ**<br>**Т:** 3 цифрымен танысу. Цифрды заттың санымен сәйкестендіру. Жыл мезгілдері (күз). Кеше, бүгін, ертең.<br>**М:**1. математикалық жұмбақтарды көрген мәліметтер негізінде шешуге үйрету;<br>2.3 цифрын 3 санының таңбасы ретінде таныстыру;<br>3.нүктелерді қосып, 3 цифрын салуды үйрену;<br>**Жаратылыстану**<br>**Т**: Күз. Күзгі табиғат<br>**М:**Күзгі табиғатты бақылау, қарапайым өзгерістерді атау (күн қысқарады, ауа райы суытады, жаңбыр жауып, жерде шалшық сулар пайда болады, күн сирек шығып, жылуы аз болады, жапырақтар түседі, құстар жылы жаққа ұшады, жәндіктер болмайды, кейбір жабайы аңдар ұйқыға кетеді). Емен және үйеңкі ағашымен таныстыру. Емен және үйеңкі ағашының жапырақтары мен діңінің ерекшелігіне қарап басқа ағаштардан ажыратып, атай білуге үйрету. | **Сурет салу**<br>**Т:** «Үйдің суретін саламыз»<br>**М:** Түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояй білу дағдыларын қалыптастыру. Бояу түсін таңдай білу, сурет салуға қызығушылығын арттыру. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Т:** «Таяқшалар»<br>**М:** Балаларға таяқшаны мүсіндеуге үйрету, саусақ моторикасын дамыту, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Т:** «Өзім туралы білгім келеді»<br>**М:** өзі және өзінің жағдайы , көңіл күйі туралы түсініктерін кеңейту. Өзінің дене мүшелері (қол, аяқ, бас, көз, құлақ т.б.), олардың атқаратын қызметі туралы түсініп, айтып беруге үйрету. Өзіне деген сенімділігін нығайтып, құрметі мен дербестігін арттыру. Тақырыпқа байланысты қойылған сұрақтарға жауап беру дағдыларын дамыту. Өзіне - өзі қызмет етудің қарапайым дағдыларына тәрбиелеу. |

| | | Денсаулық<br>Дене шынықтыру (3сағат) | Коммуникация<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Көркем әдебиет (1)<br>Орыс тілі (0,5) | Таным<br>ҚМҰҚ (1 с)<br>Жаратылыстану (1с)<br>Құрастыру (0,5) | Шығармашылық<br>Сурет салу (1с)<br>Музыка (1,5с)<br>Мүсіндеу (0,5)<br>Аппликация (0,5) | Әлеумет<br>Қоршаған ортамен танысу (0,5) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»** | **2. аптаҮйдегі және көшедегі қауіпсіздік** | **Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т:**«Масақ» украин халық ертегісі<br>**М**: а) Балаларды оқылған шағын ертегі желісі бойынша ертегі мазмұнын айтып бере білуге үйрету, өз ойларымен бөлісе білуге талпындыру.<br>ә) Ертегі кейіпкерлерінің қимылын, дыбысын салдырып, кейіпкерлер бейнесін сомдау қабілеттерін дамыту.<br>б) Еңбекқорлыққа тәрбиелеу, жалқаулыққа бой алдырмауға баулу.<br>**Көрке әдебиет**<br>**Т:**Суретші бол<br>**М:** Берілген тапсырмадағы суретті бояу, түстерін ажырата білуге, әдемілікке, ұқыптылыққа, тазалыққа баулу. | **ҚМҰҚ**<br>**Т**:1, 2, 3 цифрлары туралы өткенді пысықтау. Биік, аласа. Балалардың зейінін дамыту.<br>**М:** • 3 саны мен цифры туралы өткенді пысықтау;<br>• цифрды заттың санымен сәйкестендіруді әрі қарай жалғастыру;<br>• 1, 2, 3 цифрларын жазу дағдыларын нығайту;<br>• таныс заттарды биіктігіне қарай (биік, аласа) салыстырып, оларды сол белгілері бойынша біріктіру қабілетін ұштау;<br>• бір-біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы балалардың зейінін дамыту. **Жаратылыстану**<br>**Т:** Өмір қауіпсіздігі.<br>**М:** Өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауға, қауіпті жағжайға кез бола қалған жағдайда өзін ұстай білуге үйрету. Қауіпті жағдай туғызуы мүмкін заттар мен құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту. Ұқыптылыққа, ептілікке, қырағылыққа тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Т: «Жүзім»**<br>**М:** Қағазбен жұмыс жасауға үйрету,қағазды умаждау арқылы жүзімді жасай алуға дағдыландыру және ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу | **Сурет салу**<br>**Т:** «Күз бейнесі»<br>**М:**Балаларды табиғатты бейнелеу жанрымен таныстыру, балалардың күзгі табиғаттан өздері бақылағандарын суретте бейнелеп көрсете білу дағдыларын қалыптастыру, суретке мазмұн бере білуге және жіңішке қылқаламмен бүтін және жартылай сопақшадан тұратын бейне салуға, жағу, басу арқылы жалпақ, жуан із қалдыруға, көлденеңнен жағыс әдісін пайдалануға үйрету. Отанды, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>**Аппликация**<br>**Т:** «Піскен алмалар»<br>**М:** Балаларды күз мезгілімен, оның адамдарға беретін сыйымен таныстыру. Жемістер мен көкөністерді ажыратуға үйрету. Еңбекқорлыққа баулу.<br>**Музыка**<br>. | |

| | Денсаулық<br>Дене шынықтыру (3сағат) | Коммуникация<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Көркем әдебиет (1)<br>Орыс тілі (0,5) | Таным<br>ҚМҰҚ (1 с)<br>Жаратылыстану (1с)<br>Құрастыру (0,5) | Шығармашылық<br>Сурет салу (1с)<br>Музыка (1,5с)<br>Мүсіндеу (0,5)<br>Аппликация (0,5) | Әлеумет<br>Қоршаған ортамен танысу (0,5) |
|---|---|---|---|---|---|
| **3. аптаДұрыс тамақтану** | **Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т:**«з» және «с» дыбыстары (Дыбыстық сөйлеу мәдениеті)<br>**М**: а) Балаларға «з» және «с» дыбыстарының дұрыс жазылуын көрсету және түсіндіру.<br>ә) Барлық дауысты және дауыссыз дыбыстардың анық, таза, әрі түсінікті дыбыстап айта білу біліктерін дамыту.<br>б) Ізгі сөздерді күнделікті айта білуге дағдыландыру, үнемділікке тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі (0,5)**<br>«Помоги себе и другу»<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Т:** «Нан қайдан шығады?»<br>**М:**Нан қайдан шыққанын, балаларға айтып жеткізу; еңбекке деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту,еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу. | **ҚМҰҚ**<br>**Т**: Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. 3-4 сандарын салыстыру. Кең, тар. Тіктөртбұрыш (өзге фигуралардың арасынан табу).<br>**М:** • математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету;<br>• заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету;<br>• екі топтағы заттарды салыстыруға жаттығу;<br>• заттар тобының тең және тең еместігі туралы түсініктерін дамыту;<br>• таныс заттарды еніне қарай (кең, тар) салыстыру қабілетін ұштау;<br>• тіктөртбұрыш туралы білімін ұштау, оны өзге геометриялық фигуралар арасынан табу;<br>• тіктөртбұрыштың көлеміне қарай әртүрлі болатынын түсіндіру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Т:**Витаминдерге бай жемістер<br>**М:**көкөністер (сәбіз, қияр, қызанақ, пияз, орамжапырақ, картоп) мен жемістер (алма, алмұрт, апельсин, мандарин, лимон) туралы түсінік беру.<br>Көкөніс пен жемістерді ажыратып топтастыруға, сөйлем ішінде жалпылауыш сөздерді қолдануға үйрету. Өмір сүруге қажетті дағдыларды қалыптастыру. Тұрмысқа қажетті заттарды (пышақ, шанышқы) қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауға баулу. | **Сурет салу**<br>**Т:** «Тәрелкені әшекейлеу»<br>**М:**Балаларды белгілі бір тұтынатың бұйымдардың пішініне сәйкес ою-өрнектермен тәрелкені әшекейлей білуге үйрету, қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалануды, нүкте арқылы ою жасауды, әсемділікті қабылдай білуге тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Т:** «Көп ұшақтар»<br>**М:** Балаларды көліктің бір түрі ұшақпен таныстыру. Саусақ моторикаларын дамыту, шығармашылықтарын дамыту.<br>**Музыка** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Т:** «Дәрумендер»<br>**М:**Көкөністер мен жемістерді ажыратып, топтастыруға үйрету. Қарапайым зерттеу жүргізу мен іздестіру әрекеттерін орындауға қызығушылығын тудыру |

| | Денсаулық<br>Дене шынықтыру (3сағат) | Коммуникация<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Көркем әдебиет (1)<br>Орыс тілі (0,5) | Таным<br>ҚМҰҚ (1 с)<br>Жаратылыстану (1с)<br>Құрастыру (0,5) | Шығармашылық<br>Сурет салу (1с)<br>Музыка (1,5с)<br>Мүсіндеу (0,5)<br>Аппликация (0,5) | Әлеумет<br>Қоршаған ортамен танысу (0,5) |
|---|---|---|---|---|---|
| **4. апта Күн тәртібі. Гигиена ережелері.** | **Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т:**Кішкентай бағбан (М.Төрежановтың әңгімесін әңгімелеу<br>**М**: а) Мәтіннің мән-мағынасын бұзбай әңгімелеуді үйрету, балаларды сын есім мен зат есіммен тіркесіп жасалған айтылуына көңілдерін аудару.<br>ә) Тілдік қорын байыту, дамыту.<br>б) Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Т:**«Не деу керек?» Әнуарбек Дүйсенбиев<br>**М:** Балаларды имандылыққа, мейірімділікке, кішіпейілділікке, әдептілікке баулу. | **ҚМҰҚ**<br>**Т:** Заттардың кеңістікте орналасуына санның тәуелсіздігі. Үлгі бойынша санау, аралас сандарды салыстыру, теңдігін анықтау. Заттардың орналасу орнын анықтау. Баланың зейінін дамыту. Шеңбер, сопақша.<br>**М:**заттар шеңбердің немесе шаршының ішіне орналастырылған жағдайда екі топтағы заттарды теңестіруді үйрету;<br>• заттарды үлгі бойынша санап шығуға үйрету;<br>• әртүрлі қашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтауды үйрету;<br>• заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда анықтай білуге үйретуді;<br>• баланың зейінін дамыту;<br>**Құрастыру**<br>**Т:** «Машиналар»<br>**М:** Машиналардың түрлерін қайталай отырып,бөліктері жайлы білімдерін толықтыру.Машинаны оригами әдісі бойынша құрастыру жолдарымен таныстыруды.<br>**Жаратылыстану**<br>**Т:** «Табиғат бұрышындағы еңбек»<br>**М:**Табиғат бұрышын бақылау, өздерінің сезімдері туралы әңгімелеуге үйрету. | **Сурет салу**<br>**Т**:«Қандай заттың пішіні»<br>**М:**Шаршы пішіндес заттардың суретін салуды үйрету, шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын дамыту, байқағыштығы мен көз мөлшері, қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру. Жан - жақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Аппликация**<br>**Т:** «Әдемі көйлек»<br>**М:**Балаларға киім туралы әңгімелеу. Көйлектің материалын қайдан алатынын қандай шикізаттан келетінін түсіндіру, көйлекті пішіп оны тігін машинасымен тігетінін айтып түсіндіру.<br>**Музыка**<br>. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру**<br>**(3сағат)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **1. аптаНұр-Сұлтан-Отанымыздың жүрегі** | **Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру (3сағат)**<br><br>**Дене шынықтыру** | **Коммуникация**<br>**Сөйлеуді дамыту (1)**<br>**Көркем әдебиет (1)**<br>**Орыс тілі (0,5)**<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Т:** «Қонжық бізде қонақта». (Сахналау).<br>М: Балаларды шағын тақпақтарды жатка оқуға, кейіпкерлер бейнесін сомдауға көркем оқу әдіс-тәсілдерін қолдануға, дауыс ырғағына, дыбыстау көркемдігіне көңіл аударуға үйрету.<br>ә) Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br>б) Ізеттілікке тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>*«Моя Родина - Казахстан»*<br>**Көркем әдебиет**<br>**Т:** Қазақстан астанасы Нұр Сұлтан қаласы<br>**М:** туған жерге, елге деген сүйіспеншіліктерін арттыру; Отанды, елді қорғауға тәрбиелеу | **Таным**<br>**ҚМҰҚ (1 с)**<br>**Жаратылыстану (1с)**<br>**Құрастыру (0,5**<br><br>**ҚМҰҚ**<br>**Т:** 4 цифрымен танысу. Үлкен, кіші, кішкентай. Балалардың зейінін дамыту.<br>**М:** математикалық жұмбақтарды көрген мәліметтерге сүйене отырып шешу;<br>• 4 цифрын 4 санының таңбасы ретінде таныстыру;<br>• нүкте бойымен 4 цифрын бастырып салуды үйрену;<br>• өзге цифрлардың арасынан 4 санын табу;<br>• «үлкен», «кіші», «кішкентай» сөздерін пайдалана отырып, заттарды көлеміне қарай сәйкестендіруді үйрету;<br>• көру арқылы есте сақтау қабілетінің дамуына ықпал ету.<br>• әртүрлі көлемдегі заттар тобының саны тең және тең еместігін көре білуге үйрету.<br>**Жаратылыстану**<br>**Т:**«Адам тіршілік иесі»<br>**М:** Өзінің адам әлемінің өкілі ретіндегі алғашқы түсініктерін қалаптастыра отырып, адамдардың ұқсастығы мен айырмашылығын сыртқы белгілеріне қарап ажырата білуге үйрету. Барлық адамдардың ішкі құрылыстары (жүрек, асқазан, өкпе) бірдей екендігін, адамның өсуі және дамуы үшін қажетті шарттар (су, жарық, ауа, тамақ, жылу, қозғалыс пен демалыс, күтім керек) туралы түсінік беру. Ортақ тақырыптан тыс сұрақтарға жауап беру дағдыларын дамыту. Балалардың таным белсенділігін дамыту. Адамдардың барлығына құрметпен, сыйластықпен қарауға тәрбиелеу. | **Шығармашылық**<br>**Сурет салу (1с)**<br>**Музыка (1,5с)**<br>**Мүсіндеу (0,5)**<br>**Апликация (0,5)**<br>**Сурет салу**<br>**Т:**Ақша қар. (Заттық сурет салу).<br>**М:**қардың жауып тұрған бейнесін бере білу; бұлттардың суретін салу үшін суық түстерді таңдап алу; қардың ерекшеліктері жайында түсініктерін қалыптастыру, суретке көркемдік элементтерді кіргізе білуді үйрету, әсемдікке тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Мүсіндеу**<br>**Т: «**Сақиналар»<br>**М:** Балаларды сақиналарды мүсіндеуге үйрету, шығармашылықтарын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **Әлеумет**<br>**Қоршаған ортаме н танысу (0,5)**<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Т: «**Менің елім Қазақстан».<br>**М: :**Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайы туралы әңгімелеп беруге үйрету. Отанына, оның өткені мен бүгініне қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру. |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**ортанғы топ 2020 жыл желтоқсан айы**
**Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным**

| | Денсаулық<br>Дене шынықтыру (3сағат) | Коммуникация<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Көркем әдебиет (1)<br>Орыс тілі (0,5) | Таным<br>ҚМҰҚ (1 с)<br>Жаратылыстану (1с)<br>Құрастыру (0,5) | Шығармашылық<br>Сурет салу (1с)<br>Музыка (1,5с)<br>Мүсіндеу (0,5)<br>Апликация (0,5) | Әлеумет<br>Қоршаған ортамен танысу (0,5) |
|---|---|---|---|---|---|
| **2. аптаТуған өлкем** | **Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т:** «Ц»және «Ч» дыбыстары. (дыбыстау мәдениеті)<br>**М:**Балаларға «Ц» және «ч» дыбыстарының артикуляциясын буындар мен сөздерде көрсету.<br>ә) Тыныс ала дыбыстауды, дауыс күші мен екпінін өзгерте білуді, ақырын не қатты, баяу не тез сөйлеуді дамыту, дыбыстық қабылдауды дамыту.<br>б) Көпшілік орындарда өздерін ұстай білу мәдениетін қалыптастыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Т:**Қазақстан –Республикам менің<br>**М:** Қазақстан Республикасы туралы әңгімелеу. Ой-өрісін дамыту. Еліне, жеріне, Отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру | **ҚМҰҚ**<br>**Т:** 1, 2, 3, 4 сандары туралы өткенді пысықтау. Логикалық есептер шығаруға жаттықтыру.<br>**М:** 4 саны мен цифры туралы өткенді пысықтау;<br>• 1, 2, 3, 4 цифрларын заттың санымен сәйкестендіруді ары қарай жалғастыру;<br>• үшбұрыш, тіктөртбұрыш сынды геометриялық фигуралар туралы өткенді пысықтау;<br>• айналадағы заттардан геометриялық фигураларды ажырата білуге үйрету;<br>**Жаратылыстану**<br>**Т**: «Менің сүйікті қалам, ауылым және ел ордасы Астана**»**<br>**М:**.Балаларға қала, ауыл және ел ордасы Астана туралы түсінік беру;<br>Балалардың ой-өрісін дамыту;<br>Елін, жерін, туған қаласын сүюге тәрбиелеу<br>**Құрастыру**<br>**Т:**Мерекелік ашықхат<br>**М:** балалардың қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, қағазды қос бүктеу, пішініне сәйкес әшекейлей білуге және аналарына сыйлық жасау арқылы анаға құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Т:**Торсықты әшекейлейміз. (Сәндік сурет).<br>М: Балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттыру, заттардың пішіні, олардың құрылымы, өрнек элементтерінің орналасуына көңіл бөлуді үйрету, сурет салудың дәстүрден тыс әдістері: дымқыл және құрған қылқаламмен сурет салу әдісімен таныстыру. Көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу<br>**Музыка**<br>**Апликация**<br>**Т:** «Сүйікті ойыншықтар»<br>**М:** Балаларға ойыншықтар туралы мағлұмат беру.<br>Сөздік қорларын дамыту, ұқыптылыққа баулу. | |

| | Денсаулық<br>Дене шынықтыру<br>(3сағат) | Коммуникация<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Көркем әдебиет (1)<br>Орыс тілі (0,5) | Таным<br>ҚМҰҚ (1 с)<br>Жаратылыстану (1с)<br>Құрастыру (0,5) | Шығармашылық<br>Сурет салу (1с)<br>Музыка (1,5с)<br>Мүсіндеу (0,5)<br>Апликация (0,5) | Әлеумет<br>Қоршаған ортамен танысу (0,5) |
|---|---|---|---|---|---|
| **3. аптаТәуелсіздік Қазақстан(ҚР тұңғыш Презеденті,мемлекеттік рәміздер)** | **Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту Т:**«Қонақтарды күтеміз»<br>**М**: Заттарды топтастыра суреттеуге үйрету, (ыдыстар: асүйлік, асханалық).<br>ә) Сөздік қорды жаңа сөздермен байыту, олардың атқару қызметін ұғындыру.<br>ә) Қонақжайлылыққа тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Т: «Аққала»**<br>**М:**Шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын дамыту, табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру, табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>«Астана- столица Казахстана» | **ҚМҰҚ**<br>**Т:**1, 2, 3,4 сандары туралы өткенді пысықтау. Үлгі бойынша санау, аралас сандарды салыстыру. Алыс, жақын.<br>**М:** үлгі бойынша және аталған сан бойынша санап үйрену;<br>• сандардың байланысын түсіндіру (3-4);<br>• санмен берілген жұмбақтарды шешу жолдарын үйрету;<br>• цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету;<br>• кеңістік ұғымын қалыптастыру (алыс, жақын);<br>• шеңбер, шаршы, үшбұрыш сынды геометриялық фигуралар туралы түсінікті бекіту;<br>• логикалық тапсырмаларды көрген мәліметтерге сүйене отырып шешуге үйрету.<br>**Жаратылыстану**<br>**Т:** «Менің елім Қазастан»<br>**М:** Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайы туралы әңгімелеп беруге үйрету. Туған елін, жерін сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Т:**Біздің әсем шыршамыз (шырша мен ойыншықтары). (Мазмұнды сурет).<br>**М:** Жаңа жылдық шыршаның бейнесін сала білуге үйрету, шыршаның бұтақтары мен оның тікендерін көлбеу сызықпен үзіліссіз сызып салуға жаттықтыру, қосымша өз бетінше шыршаға ойыншықтар салдыру, бейнені қабылдауын дамыту, түстермен ырғақты сезіне білуге үйрету. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Т**: «Кесе»<br>**М:** Ыдыс аяқтармен таңысу, сипаттап айта білуін, ермексазбен жұмыс жасауды<br>**Музыка** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Т:** Қазақстан Республикасының рәміздері<br>**М:** Қазақстан Республикасының рәміздерін танып біліп, айтып беруге үйрету.Қазақстан Республикасының рәміздеріне құрметпен карауға тәрбиелеу |

| | Денсаулық Дене шынықтыру (3сағат) | Коммуникация Сөйлеуді дамыту (1) Көркем әдебиет (1) Орыс тілі (0,5) | Таным ҚМҰҚ (1 с) Жаратылыстану (1с) Құрастыру (0,5) | Шығармашылық Сурет салу (1с) Музыка (1,5с) Мүсіндеу (0,5) Апликация (0,5) | Әлеумет Қоршаған ортамен танысу (0,5) |
|---|---|---|---|---|---|
| **4. апта .Дені сау балалар –ұлт денсаулығы** | **Дене шынықтыру**<br>. | **Сөйлеуді дамыту Т:**«Екі сараң қонжық» (венгер халық ертегісі.)<br>**М:**Ертегі желісін өз сөзімен жеткізу біліктілігін жетілдіру<br>ә) Бауырмалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>б) Балаларды таныс әдеби шығармаларды сахналауға атсалысуға ұмтылдыру, ондағы кейіпкерлер бейнесін еркін түрде көркем шеберлікпен сомдай білу білігін дамыту.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Т:**Менің сүікті қалам,ауылым және ел ордасы Астана**М:**Балалардың қала, ауыл және Астана туралы түсініктерін тиянақтау. Ой-өрісін дамыту. Елін, жерін, туған қаласын сүюге тәрбиелеу. | **ҚМҰҚ**<br>**Т:**Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Жоғарыда, төменде, сол жағында, оң жағында, астында. Шаршы, тіктөртбұрыш. Жыл мезгілдері (қыс, көктем, жаз, күз).<br>**М:** цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету;<br>• кеңістіктік қатынастар (сол жағында, оң жағында, үстінде, алдында, ортасында) туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>• балалардың геометриялық фигуралар туралы білімін нығайту;<br>• жыл мезгілдері (қыс, көктем, жаз, күз) туралы өткенді пысықтау.<br>**Жаратылыстану**<br>**Т:**«Астана-бас қала»<br>**М:**Балаларға ел ордасы Астана туралы түсінік беру;<br>Балалардың ой-өрісін дамыту;<br>Елін, жерін, туған қаласын сүюге тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Т:**«Жаңа жылдық ойыншықтар»<br>**М:** Қалдық заттарды пайдаланып,Жаңажылдық шырша ойыншықтарын жасауды үйрету,оны әдемі көркем безендіру арқылы көрекмдік талғамын дамыту,еңбек нәтежесіне жете білуге тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Т:**Түрлі түсті үшбұрыштар. (Өз бетінше сурет).<br>**М:** Үшбұрышты заттарды ажырата білуді үйрету, кеңістікті, түстерді сезіне білуді, шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын дамыту, байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру. Ұқыптылыққа, тазалық сақтай білуге тәрбиелеу.<br>**Апликация**<br>**Т:** «Шыршадағы алқалар»<br>**М:** Жаңа жылдағы мерекелерді естеріне түсіру. Шығармашылықтарын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу<br>**Музыка** | |

| | Денсаулық<br>Дене шынықтыру (3сағат) | Коммуникация<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Көркем әдебиет (1)<br>Орыс тілі (0,5) | Таным<br>ҚМҰҚ (1 с)<br>Жаратылыстану (1с)<br>Құрастыру (0,5) | Шығармашылық<br>Сурет салу (1с)<br>Музыка (1,5с)<br>Мүсіндеу (0,5)<br>Апликация (0,5) | Әлеумет<br>Қоршаған ортамен танысу (0,5) |
|---|---|---|---|---|---|
| **1. апта .Сәлем, жаңа жыл!** | **Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т:**Аязатаны біз қалай күтеміз<br>**М:**Өз тәжірибесіне сүйене отырып, әңгімелеуге үйрету.<br>ә) Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беру білігін дамыту.<br>б) Бір-біріне жақсылық тілеуге тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Т:**«Қош келдің, Жаңа жыл!»<br>**М:** Жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелеуді үйрету.Жаңа жыл қонақтары мен ертегі кейіпкерлері туралы түсініктерін бекіту, бақылау жасау, зерттеу жұмыстарын жүргізу іскерліктерін жетілдіру,мерекені өткізуге дайындыққа қатысу ниетін тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>*«В мире растений»* | **ҚМҰҚ**<br>**Т:**5 цифрымен танысу. Сол жақта, ортасында, оң жақта.<br>**М:** 5 саны және цифрымен таныстыру; нүктелерді қосу арқылы 5 цифрын салып үйрену; заттың орналасқан орнын сөзбен айтып үйрену (сол жақта, оң жақта, алдында, артында); жыл мезгілі туралы өткенді пысықтау (қыс).<br>**Жаратылыстану**<br>**Т:** «Қош келдің, жаңа жыл!»<br>**М:**Жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелеуді үйрету.<br>Жаңа жыл қонақтары мен ертегі кейіпкерлері туралы түсініктерін бекіту, бақылау жасау, зерттеу жұмыстарын жүргізу іскерліктерін жетілдіру, мерекені өткізуге дайындыққа қатысу ниетін тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Т:**«Көңілді аққалалар»<br>**М:**балалардың сурет салу дағдыларын қалыптастыру, аққала суретін салу үшін суық түстерді - көгілдір, қара көкті таңдап алу қажеттілігін үйрету, қылқаламды әртүрлі - қатты, ақырын басып, жуан, жіңішке із түсіру, дөңгелекті үзіліссіз салуға жаттықтыру,балалардың көзбен мөлшерлеуін, байқампаздығын дамыту.<br>**Мүсіндеу**<br>**Т:** Қарға арналған күрек<br>**М:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру, күрек мүсіндеуге үйрету, мүсіндеу сабағына қызығушылықтарын арттыру.<br>**Музыка** | **Қоршаған ортамен Танысу**<br>**Т:** «Қош келдің жаңа жыл!»<br>***М:***Жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелеуді үйрету.<br>Жаңа жыл қонақтары мен ертегі кейіпкерлері туралы түсініктерін бекіту,бақылау жасау, зерттеу жұмыстарын жүргізу іскерліктерін жетілдіру, мерекені өткізуге дайындыққа қатысу ниетін тәрбиелеу. |

| | Денсаулық<br>Дене шынықтыру (3сағат) | Коммуникация<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Көркем әдебиет (1)<br>Орыс тілі (0,5) | Таным<br>ҚМҰҚ (1 с)<br>Жаратылыстану (1с)<br>Құрастыру (0,5) | Шығармашылық<br>Сурет салу (1с)<br>Музыка (1,5с)<br>Мүсіндеу (0,5)<br>Апликация (0,5) | Әлеумет<br>Қоршаған ортаме<br>н танысу (0,5) |
|---|---|---|---|---|---|
| **2. аптаҒажайып қыс** | **Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т:** «Қыс қызығы»<br>(Сурет бойынша әңгімелеу)<br>М: а) Балаларды сурет бойынша әңгіме құруға үйретуді жалғастыру, балаларды синоним сөздерді айта білуге жаттықтыру.<br>ә) Ойлау қабілеттерін дамыту.<br>б) Ұйымшылдыққа, достыққа<br>**Көрке әдебиет**<br>**Т: «Қыс»өлең**<br>**М:**Қыс мезгілі туралы түсінік беру. Өлеңді жатқа айта білу арқылы көркем әдебиетке қызықтыру. Сөздік қорын молайту | **ҚМҰҚ**<br>**Т:**5 цифры туралы өткенді бекіту, 4-5 сандарын салыстыру. Заттың пішінін геометриялық фигуралармен сәйкестендіру. Кеңістікте бағдарлау: «алдында», «үстінде», «астында», «артында».<br>**М:**5 көлеміндегі заттарды санау қабілетін нығайту; цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; бір-бірінен әртүрлі арақашықтықта орналасқан заттар тобын теңестіруді үйрету;<br>айналадағы заттардың сұлбасынан геометриялық фигураларды көре білуге үйрету; «алдында», «үстінде», «астында», «артында» түсініктерін бекіту.<br>**Жаратылыстану**<br>**Т:**Ызғарлы қыс келді.<br>**Мақсаты:** Қысқы табиғатты бақылап, қарапайым өзгерістерді атай білуге үйрету. Қысқы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Құрастыру**<br>**Т: «Аққала»**<br>**М:**балаларға аққала бейнесін жасауға үйрету;жіппен жұмыс жасай білуге үйрету;<br>қиылған жіптерден Аққаланың бейнесін жасауда саусақ қимыл қозғалыстарын дамыту;<br>ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу; | **Сурет салу**<br>**Т:**Қысқы көрініс.<br>М: балаларды қысқы көрінісін бейнелеп сала білуге үйрету.<br>Білімділік: көрініс, көкжиек, кеңістік туралы түсініктерін бекіту,суретке байланысты жағымды көңіл күй туындату, мазмұнын нақты жасауды, қылқаламның толық ұшымен, жеңіл сүйкей жағу тәсілімен оңнан солға қарай бояуға дағдыландыру;сурет салуда қылқаламмен жұмыс жүргізудің әдіс-тәсіліне көңіл бөлу, жыл мезгілінің ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу;<br>**Музыка**<br>**Апликация**<br>**Т:** «Аққала»<br>**М:** Балаларға аққаланың неден және қалай жасалатынын түсіндіру, шығармашылықтарын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | |

| | Денсаулық<br>Дене шынықтыру<br>(3сағат) | Коммуникация<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Көркем әдебиет (0,5)<br>Орыс тілі (0,5)<br>Драма(0,5) | Таным<br>ҚМҰҚ (1 с)<br>Жаратылыстану (1с)<br>Құрастыру (0,5) | Шығармашылық<br>Сурет салу (1с)<br>Музыка (1,5с)<br>Мүсіндеу (0,5)<br>Апликация (0,5) | Әлеумет<br>Қоршаған ортаме<br>н танысу (0,25)<br>Экология негіздері (0,25) |
|---|---|---|---|---|---|

| | **Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру**<br>**(3сағат)**<br>**Дене шынықтыру** | **Коммуникация**<br>**Сөйлеуді дамыту (1)**<br>**Көркем әдебиет (1)**<br>**Орыс тілі (0,5)** | **Таным**<br>**ҚМҰҚ (1 с)**<br>**Жаратылыстану (1с)**<br>**Құрастыру (0,5)** | **Шығармашылық**<br>**Сурет салу (1с)**<br>**Музыка (1,5с)**<br>**Мүсіндеу (0,5)**<br>**Апликация (0,5)** | **Әлеумет**<br>**Қоршаған ортаме**<br>**н танысу (0,5)** |
|---|---|---|---|---|---|
